



1848 жылдың тамызында күннің ыстығынан тартылған Збруч өзенінен (Австрия мен Ресейдің арасындағы шекаралық өзен, Батыс Украина) «Збруч мұсіні» деп аталаған кеткен гажайып бір тас ескерткіш табылды. Бұл гажайып, биіктігі 2,67 метрлік төртқырлы баған үлгісінде сұргылт түсті әктастан жасалған еді. Өте бағалы әрі жұмбақ тарихи ескерткіштердің қатарын толықтырды. Сырын ашуға ұмтылғандарды қиялға бергісіз көптеген сауалдар толғандырды.

Журналист Андрей Подволовский: «Оның табылуы адам таңғаларлық жаңалық. Збруч мұсінің құпиясы осы күнге дейін ашылмай келеді...» деп ой түйіндеу кездесең омес:

2011 жылы Украина Фылым Академиясының археология Институтының қызметкерлері Алексей Комар мен Наталья Хамайко да өз көзқарастарын білдірді. «Загадки истории» журналының редакциясы да осы жауабы табылмаған жұмбақты шешкісі келетіндер қатарынан шет қалмады. Бұл басылымда Марина Викторова алғаш рет мақаласын жариялады. Ол өз мақаласына «Судан шықкан мұсін» деген тақырып қойды. Ал екінші мақаланы Андрей Подволовский жариялады. Бұл жарияланым «Орыстың ежелгі символы» деп аталды.

Ал біздің зерттеулеріміз Збруч мұсінің славяндарға ешқандай қатысы жоғын көрсетті. Оған көптеген дәлелдеріміз бар. Ол түркілердің, анығырақ айтсақ, дулат тайпасының патшалар әулетіне тиесілі.

Осы орайда: «Түркілер (дулаттар) мұнда қайдан жүр?» – деген тағы бір занды сауал туады.



Волға Болгарияның ортағасырдағы тарихшысы Гази-Барадж «Барадж тарихы» енбегіндегі 620 жылы Ұлы Болгарияның ханы Құбыраттың бұйрығымен оның інісі Шамбат Аскал ауылы орнынан Киев қаласын тұрғызыды. Содан соң олар әскерлерімен өздерімен жауласқан аварларға қарай жылжыды. Таланттың қолбасшы Шамбат оларды бас идіріп, жаулары Венгрия, Польша, Батыс Украинаға (казіргі атауы) аттанып, женіске жетті. Шамбат өзінің атапары патшалық жасаған Дуло (дулат) әулетінің құрметтің Дулоба (Дулеба) деп атапарын жаңа мемлекет құрды. Билікті қолға алған соң ол өзінің туған ағасы Құбыратқа бас иғісі келмегі. Ұлы Болгария ханы мұндағы ерекеттен соң өзінің айтқанына құлак асқысы келмейтін бауырын Қый (туркіше қый – кесіп тастау) деп атады.

Шамбат Дулоба (Дулеба) 33 жыл бойы даңқ пен құрметке бөленип, билік жасады. Ол өте мықты мемлекет құрды.

Түтпің түбіне келгенде Шамбат күшіне түсінен франктардан женіліске ұшырады. Ол Фанагория (Азов жағалауында) қаласына орналасқан Ұлы Болгария ханының әскеріне қашып келді.

Құбырат өзінің тәккаппар да әрі даңққұмар інісін кешірді. Ол оны тағы да Киев қаласына билік құруға жұмсады. Киев қаласының тұрғындары ер тұлғалы, іскер қала басшысын құрмет тұтып, жақыс қорді. Олар өз қаласына Құбырат айтқандай Қый (ерке бауырын осылай атапардай) деген атау қойды. Бұл атау Византия императорының Константин Багрянородныйның «Империяның басқару жөнінде» енбегіндегі ұшырасады.

Сонымен, Дуло (дулат) патшалар әулеті Украинаның ортасында да, батыс жағында да өмір сүрді. Олар өз бабаларының әрауығына арналған қасиетті



ЗБРУЧ МУСІНІНІЦ ҚҰПИЯСЫ

тас мұсін жасауға тапсырыс берді. Сол кездең түркі халықтарының діни нағымдарына байланысты ата-бабаларының рухын құрметтеді.

Бұл мұсінің басты кейіпкері кім?

Біздің оймызша, бұл символикалық кескіндеуде ағасы мен інісі Құбырат хан мен Шамбат әйелдерімен көрініштеп болады.

Збруч мұсіні үш деңгейден тұрады және осынша бөлікке бөлінген: жоғарысы – тәңірі, ортадағысы – жарық дүниедегі пенделер, төмөнделегі – жер астындағылары. Ежелгі түркілер діни нағымдары бойынша Төңірге табынып, жоғарыда бейнелеп көрсеткеніндей дүние үш бөліктен тұрады деп үқсан.

Тас мұсінде түркілерге тән, тіптен галереяға дерліктей «портреттер» дәстүрлі нағымдар мен көптеген әртүрлі бейнелер мен таңбалар бар.

Сонымен осы тас бейнеге назар аударайық. Ол тастан жасалған. Славяндар ежелгі замандарда мұсіндерді ешқашан тастан қашаған емес, ағаштан ойып істеген. Тас мұсіндер (балбалдар) – түркілердің ежелден қалыптастасқан дәстүрлі өнері. Оны оқып, танып білуға көрек.

Енді осы тас мұсінге талдау жасап көрелік. Тас мұсіндер (балбалдар) – түркілердің ежелден қалыптастасқан салтын білдіреді.

Енді басқа киген қалпаққа назар салыныз. Бұдан көретінің түркілерге тән бас киім берік. Бұл осы тас бейнеде нақты көрініс тапқан. Сол замандағы түркілердің киім үлгісінің, ортақ істегі бірлігі мен ынтымақтастырының нақты айғағы. Бас киім түркілер үшін ерекше маңыз атқарған, сол дәстүрлі шығарма.

Тас бейненің кеудесінде гәрінің көрсеткіштерінде славяндардың көктем құдайы, махаббат пен некенің қорғаушысы, (ақадемик Борис Рыбаковтың танымы бойынша) сақинасы деген жүргендері сол замандағы патшалық құрған дулаттардың

таңбасы.

Бір еске саларлығы, сол тас мұсіндең дулаттардың таңбасын сикейлер осы күнге дейін сақтап келеді. Бір айта кететіні, – сикейлер (сикели) осы күнге дейін өздерін Аттила мен түркі халықтарының үрпағы деп санайды. Олар Румынияда, Венгрияда, Воеводинада өмір сүріп жатыр. Польшадағы Стефан Баторий (туркіше - батыр) сикелилерден шыққан үрпақ.

Збруч мұсінінде қылыш бейнесі ерекше көрініс тапқан. Академик Борис Рыбаков ол славян құдайы Перунға қатысты деп ойлайды. Бұл – өте қате пікір. Мұндай қарумен славяндар ешқашан қаруланған емес. Бұл қару түркілерге ғана тиесілі.

Мұсінде жалғыз ғана жануар жылқының бейнесін көресіз. Баршаға мәлім, сол жылқы дегенініз түркілердің ең сүйікті жансерігі болғаны аяна.

Мұсіннің ортаңғы бөлігінде бала бейнеленген. Ол – үрпак жалғастырының айын көрінісі.

Соңғы бөлігінде тағы да адамдар бейнеленген. Олар қолымен жерді тіреп тұр. Бұл сүреттегі ең басты идея ата-бабалар әруағы үнемі өз үрпактарын қолдан, демеп отырады. Бұл да түркілердің рухани жан дүниесін көрсетеді.

Збруч мұсінінде адамдардың қолын бейнелеуге ерекше назар аударылған. Осы көріністерден-ақ олардың ойлары мен сезімдері айқын аңғарылады. Сонымен жоғарғы бөліктегі сүретте адамның он қолы қеудесінде, ал сол қолы кіндік тұсында тұр. Түркілер өз Төңірге тап осылай ризалығын білдіреді, өзінің атапарымен және үрпактарымен сөлемдеседі, ізгі ниецтің білдіреді.

Екінші бөліктегі адамдар екі қолын екі жаққа қарай жайып, алақандарын ашып тұрғанын байқаңыз. Бұл олардың өмірге деген құштарлығын аңғартады.

Үшінші бөліктегі сүреттегі қол бос емес, салмақ түсіп тұр. Бұл түркілерде өз басындағы жеке қателіктері үшін және

ата-баба әрауақтары алдында да өте ауыр жауапкершілік барын көрсетеді. Бұл моральдық жүйе мен адамгершілік ізгі қасиеттер түркі әлеміне ғана тән.

Тас мұсінде көзге онша аңғарыла бермейтін тағы бір ерекшелік бар. Ол тәменгі бөліктегі бейнеленген адамдардың мұрты мен сақалы. Жасы үлгайған адамдардың ата атасып, сақал мен мұрт қойғаны, олардың өзіне деген құрметтің айғағы болған. Сақал мен мұрт түркілердің тастан қашалған ескерткіштерінде жиі кездеседі.

Жоғарғы бөліктегі адамдардың сырт күмдерінің ұзын болуы да түркілерге тән. Ол шапанды қебірек еске түсіреді.

Енді ең соңынан бүлтартпас нақты айғақтарды айталық. Бұл тәменгі бөліктегі бейнеленген аспарухтық болгарлардың таңбасы. Бұл таңба – нағыз шебердің туындысы.

Сонымен біздің көз алдымында күрделі бейнелер – түркілердің ата-бабалары тұр. Бір айта кететіні, құдайлар мен адамдарды топтап бейнелеу түркілерге ғана тән. Журналист Мария Викторова быттай деп жазады: «Ол кезде славяндардың діни ұстанымдарында бір құдай – бір мұсін болған».

Збруч тас мұсін антропоморфтық қатарга жатады. Ол көздерде славяндардың қолынан бұл келмеген. Ал мұндайлар түркілерде жетіп артылады. Бір айта кететіні, тас мұсін мен адам бейнесін (балбалы) тастан қашап жасау тәсілі дулаттардың отаны Өнтүстік Сібір мен Монголияда, Қазақстанда көн тараган.

Збручтагы артефакт түркілердің рұхани байлығының ұлан-ғайыр көкжигін көрсетілді, бұл-дағы ежелгі мәдениеттің әнциклопедиясы болып саналады. Бұл – баға жетпес байлық. Ендігі жерде Құбырат хан мен үрпактарының және ата-бабаларының баға жетпес өнеріне жете мән беріп, көніл белудің көзі келді, өткеннің құндылықтарына он көзбен қараудың сәті жетті. Соңдықтанды, Збруч артефактісінің көшірмесін Астана мен Алматыға, Тараз мен Шымкентке орнату – бүгінгі күннің талабы.

Бүгінгі таңда ол – Краков музейінде сақтаулы, ал оның көшірмесі де бар және Мәскеу мен Киевтің, Львов мен Тернопольдің музейлерінде салтанат құрып тұр.

Біз өз тарапымыздан атапған музейлерге түркілердің баға жетпес байлығын көздің қараышындағы сақтағаны үшін алғыс айтамыз.

Түркілер мен славяндарға Құбырат хан мен Шамбаттың даңқтың ісі жарығын жол ашып, қолдай берсін деген ниеттеміз!



Әбдіқадыр ДӘУІТБЕКОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің
ғылыми қызметкері,
Чувашия Галимдар
Академиясының академигі,
Ресей және Чувашия Жазушылар
одақтарының мүшесі.